БАРЛЫҚ ЕЛДЕРДІҢ ПРОЛЕТАРЛАРЫ, БІРІГІҢДЕР!

ЛЕНИН ТУЫ

ҚКП СОЛТҮСТІК ҚАЗАҚСТАН ОБЛЫСТЫҚ КОМИТЕТІНІҢ, ЕҢБЕКШІЛЕР ДЕПУТАТТАРЫНЫҢ ОБЛЫСТЫҚ СОВЕТІНІҢ және ҚКП ПЕТРОПАВЛ ҚАЛАЛЫҚ КОМИТЕТІНІҢ ГАЗЕТІ

№ 210 (9272) | 1953 жылғы 17 октябрь Сенбі | Шығуына 34 жыл жеке саны 20 тыйын.

Әрбір колхоз бен совхоздың мал қыстатуға ұйымдасқан түрде кірісіп, мал қыстату кезінде малдың өнімділігі ешуақытта да кемімеуі қамтамасыз етілсін.

(Қазақстан КП Орталық Комитеті пленумының қаулысынан).

Жергілікті Советтердің шұғыл міндеттері

Партиямыздың Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы социалистік ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетудің өзекті мәселелерін шешіп, олың барлық салаларын шұғыл өркендетудің және ауылшаруашылық өндірісін мықтап үлгайтудың жолдарын белгілеп берді. Пленум қаулысы таяудағы 2—3 жылдың ішінде еліміздің халқының азық- түлік өнімдері жөніндегі өсіп отырған қажетін молынан қанағаттандырудың, жеңіл және тамақ өнеркәсібін шикізатпен толық қамтамасыз етудің зор программасы болып табылады.

Бүкіл еліміздегі сыяқты, облысымыздың еңбекшілері, әсресе, ауыл шаруашылығы қызметкерлері сентябрь Пленумының қаулысын зор қуаныштан қарсы алып, партиямыздың қамқорлығына егіс даласында, мал фермаларында қажырлы еңбектерімен жауап беруде. Бұл күндері колхозшы-шаруалар мен МТС, совхоз жұмысшылары ауылшаруашылық жылын табысты аяқтау жолындағы күресті күннен- күнге күшейте отырып, Пленум қаулысын жүзеге асыру жолында қажырлы еңбек етуде. Мұндай бүкілхалықтық істі ұйымдастыруда еңбекшілердің бұқаралық ұйымдары—жергілікті Советтер зор рөль атқарады.

Жергілікті Советтер өздерінің бүкіл ұйымдастыру- бұқаралық жұмыстарын ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету жөніндегі жаңа талаптарға сай қайта құрып, ауылшаруашылық қызметкерлерінің күн сайын өсіп отырған өндірістік белсенділіктерін арттыра беруге тиіс. Партия, совет ұйымдарынан ауыл шаруашылығына нақтылы басшылық жасауды, істің жайын жете білуді, еңбекшілер бұқарасымен тығыз байланыс жасауды, олардың дабылына кезінде құлақ асуды талап етеді. Мұны жете түсінген облыстың бірқатар ауылдық, селолық Советтері сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жөнінде алғашқы жұмыстарды ойдағыдай жүргізіп келеді.

Мәселен, Петропавл ауданындағы Архангель селолық Советінің депутаттары мен көптеген активтері егіс бригадалары мен мал фермаларында, бұрынғы сайлау учаскелерінде пленум қаулысы жөнінде әңгімелер өткізіп, онда сайлаушылардың жасаған ұсыныстарын қорыту арқылы колхоз басқармасына егіншілік пен мал шаруашылығын жедел өркендету жөнінде көптеген бағалы шараларды белгілеп алды. Пленумның қаулысын барлық жерде кеңінен түсіндіру, оқып үйрену жұмысын ұйымдастыруға депутаттар мен активтер тікелей қатысып, ауылшаруашылық қызметкерлерін өздерінің жалынды сөздерімен де, үлгілі істерімен де қажырлы еңбекке бастай білулері керек.

Осы сыяқты, мәдени -ағарту мекемелерінің барлық жұмысы еңбекшілер бұкарасына пленум қаулысын түсіндіру, ауыл шаруашылығы озаттарының тәжрибелерін насихаттау мақсатына бағындырылатын болсын. Оқу үйлері мен клубтарда, мәдениет үйлерінде советтік агробиология ғылымының жаңа табыстары, ауыл шаруашылығының озат тәжрибелері жөнінде лекциялар оқу, әңгімелер өткізу жұмыстары үзбей жүргізілуге тиіс.

Ауылдық, селолық Советтердің барлық буындары; атқомдар мен депутаттар, активтер, тұрақты комиссиялар еңбекшілер арасындағы бұқаралық жұмысты жанжақты ұйымдастыра отырып, егіншілік пен мал шаруашылығын өркендетудің пайдаланылмай келген резервтерін іздестіріп табуға, оны өндіріске батыл енгізуге белсене қатысулары керек. Мұнда егіншіліктің мәдениетін арттыру, мал шаруашылығын өркендету, сол сыяқты, овощь және картоп өндірісін мықтап арттыру мәселелеріне ерекше назар аударылатын болсын. Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету мәселелері Советтердің сессиялары мен атқомдердің мәжілістерінің күн тәртібіне жиі қойылып, бұл жөнінде нақтылы шаралар белгіленетін болуы керек. Бірақ, мұнымен де іс бітпейді. Белгіленген шараларды жүзеге асыру жөнінде ұйымдастыру жұмыстарын үнемі жүргізіп отыру қажет.

Кәзір ауылшаруашылық мамандарын даярлау және қайта даярлау жұмысы қолға алынды. Сонымен қабат, МТС-тер мен колхоздарға өнеркәсіп орындарында жұмыс істеп жүрген ауыл шаруашылығының мамандары көптеп келуде. Ауылшаруашылық мамандарын даярлау және өнеркәсіп орындарынан келген кадрларға қамқорлық жасау ісіне үнемі араласып отыру Советтердің ардақты міндеттерінің бірінен саналады.

Сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жөнінде жүргізілетін ұйымдастыру және бұқаралық жұмыстардың бәрі бүгін таңдағы басты міндет [illegible]

Октябрь мерекесі қарсаңында

Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығы құрметіндегі социалистік жарысқа қосыла отырып, Петропавл паровоз депосының сверловщигі комсомолка А. Акулышина сменасына екі нормадан ақаусыз өнім беріп отыруға міндеттеме алды. Комсомолка алған міндеттемесін ойдағыдай орындауда.

СУРЕТТЕ: **А. Акулышина** жолдастың бұрғылау станогінде жұмыс істеп тұрған кезі.

Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Былғары өндірушілердің еңбек өрлеуі

Қаладағы Октябрь революциясы атындағы былғары заводының коллективі жылдық жоспарды мерзімінен бұрын орындау жолындағы социалистік жарысты өрістету нәтижесінде үздік табыстарға жетуде.

Жұмысты өнімді істеген завод коллективі 9 айлық жоспарды мерзімінен бұрын және артығымен орындады, 300 мың пар аяқкиім тігуге жетерліктей былғары үнемелді.

Еңбек өнімділігінің артуымен қатар өнімнің сапасы да жақсара түсті. Кәзірдің өзінде заводта 13 бригадаға «Мінсіз сапалы өнім шығарушы бригада» деген атақ берілді. Солардың ішінде Шмаков жолдас басқарған бригада жеңіске түсеріклі[illegible]

Мал шаруашылығының өнімділігін арттыра берейік

☆ ☆ ☆

Сыйырдан сүтті көп алу үшін күресейік

Мен 1948 жылдан бері фермада сауыншы болып істеп келемін. Өз ісінің табысты болуын кім жек көреді, бірақ, табыс өздігінен келмейді, ол көп ізденуді, үйренуді және адал еңбек етуді керек етеді. Сондықтан да мен сыйырлардан сүтті мол алу үшін аянбай еңбек етумен бірге, көп ізендім және озат сауыншылардан сыйырдың құнарлылығын арттыруды үйрендім.

Рас, алғашқы 2 жылдай қарауымдағы сыйырлардың әрқайсысынан бір бұзаудан алып, оны шығынсыз өсірсем де, сүт саууда жоғары көрсеткішке жете қойғаным жоқ еді. Бұған менің тәжрибемнің аз болуы себеп болды. Екіншіден, колхозда сыйыр малына деген құнарлы жемшөп те жеткілікті болмады.

Бұрын бізде сауын сыйырлар жаз күндері кез келген жайылымдарда бағыла беретін. Өткен жылдан бастан сыйырларды тек шөбі шүйгін жайылымдарға жаюды ұйымдастырдық. Сонымен қатар жайылымдарды жиі ауыстырып отыратын болдық. Мұның өзі сыйырдың сүттілігін едәуір арттырды. Қысқы уақытта сыйырларға июнь, июль айларында шабылып, жыйналған құнарлы шөпті беретін болдық. Оның үстіне концентратпен азықтандыттық. Осылай сыйырды күту жұмыстарын зоотехникалық- малдәрігерлік ережелерге сай жүргізуді әдетке айналдырдық.

Сыйырдың сүттілігін арттырудың тағы бір шарты—сыйыр сауу жұмысын дұрыс ұйымдастыру болып табылады. Мен сыйырды тәулігіне үш рет, кейде төрт рет сауамын. Сауар алдында сыйырдың желінін, өмішектерін жуып, таза орамалмен сүртемін. Сонан кейін желінді алақанымымен уқалап жұмсартамын. Сауып болғаннан кейін желінді және өмішекті сүртіп құрғатамын.

Осындай әдістерді қолдана отырып, мен өткен жылы өзіме бекітілген берілген 12 сыйырдың әрқайсысынан 2480 литр сүт саууға жетістім. Алынған 12 бұзауды аман өсірдім. Сол сыяқты, биылғы жылдың өткен 9 айы ішінде [illegible] жылдың әрқайсысынан орта есеппен 1950 литрден сүт саудым. Биылғы алынған бұзаулар да аман және күйлі өсірілуде.

Бірақ, бұл аса зор табыс емес. Бізде сыйырдың сүттілігін бұдан да арттыруға болады. Дегенмен, осыған керекті кейбір мүмкіншіліктер пайдаланылмай отыр. Мәселен, мал қолда күтілетін кезде сауын сыйырларға темір жемісті, концентрат азықтары өте аз беріледі. Шөпті, сабанды булап беру әдісі мүлде қолданылмай келеді. Сол сыяқты, жазғы уақытта малды түнде өріске жайып бағу ескерусіз қалып жүргенін де айта кетуіміз керек.

СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумы мал шаруашылығындағы еңбекті көп тілейтін жұмыстардың жеткіліксіз механикаландырылуы фермаларда еңбек өнімділігін арттыруға елеулі кедергі жасап отырғанын, фермаларда қолмен атқарылатын аз өнімді еңбек әлі де басым екендігін атап көрсетті. Расын айту керек, бұл кемшіліктер біздің колхоз фермаларына да тән. Бізде осы уақытқа дейін сыйыр сауу, мал суару, жемшөп беру жұмыстары толық механикаландырылмай отыр. Міне, мұның бәрі малдың өнімділігін арттыруға кері әсерін тигізіп келеді.

Біздің колхозда жоғарыда айтылған кемшіліктерді жоюға қажетті мүмкіншіліктердің барлығы бар. Бірақ, сол мүмкіншіліктерді пайдалану ісін ұйымдастыруға колхоз басшылары әлі де жете көңіл бөлмей келеді. Олар малдың санын көбейтумен ғана шұғылданып, оның тұқымын асылдандыру, өнімділігін арттыру, еңбекті көп тілейтін жұмыстарды механикаландыру міндеттерін екінші кезекке қояды. Әрине, бұл дұрыс емес. Сондықтан колхоз басшылары мал шаруашылығының бұл салаларына әрдайым көңіл бөліп отырса екен. Сонда біз сүтті және талапқа сай мол алатын болар едік. Бұл бір менің ғана пікірім емес, барлық сауыншылардың пікірі.

М. БОДНЯ.

Қой—бағалы түлік

СССР Министрлер Советі мен СОКП Орталық Комитетінің «Елімізде мал шаруашылығын онан әрі өркендету және колхозшылар, жұмысшылар мен қызметшілер шаруашылықтарының мемлекетке мал шаруашылығының өнімдерін міндетті тапсыру нормаларын кеміту шаралары туралы» қаулысы мал шаруашылығын барған сайын өркендетудің зор программасы болып саналады. Партия мен үкметіміздің бұл қаулысын орындау мақсатымен біздің колхоздың колхозшылары қоғамдық мал шаруашылығын жедел өркендетудің көптеген шараларын белгілеп, оларды жүзеге асыруға кірісті.

Біздің қой өсірушілеріміз соңғы екі жылда едәуір табыстарға ие болды. Колхоз бойынша қой өсірудің жылдық жоспары 107 процент орындалды. Кәзір фермада 2100 ден астам қой бар. Бұлардың 70 проценті биязы жүнді қойлар. Үстіміздегі жылдың өзінде ғана 788 қозы алынып, олар шығынсыз өсірілуде. Қой шаруашылығының өркендей түсуі колхоздың ақшадай табысын да молайта түсті. Өткен 9 айдың ішінде колхозға қой шаруашылығынан ғана 52 мың 800 сом ақшадай кіріс кірді. Бұл қаржы колхоздың қоғамдық шаруашылығының қажетіне жұмсалуда.

Дегенмен, жұмысымызда әлі де болса елеулі кемшіліктердің орын алып отырғандығын мойындауымыз керек. Біздегі кемшіліктің бірі —қойлардың тұқымын асылдандыру ісінің нашар болып келгендігі. Бізде текқана асыл тұқымды қойларды өсіруге мүмкіншілік бар еді. Бірақ, колхоз басшыларының бұл іске жете көңіл бөлмеуі және мал шаруашылығы мамандарының тиісті көмек көрсетпеуі салдарынан әлі күнге дейін етті және жүнді аз беретін қойлар өсірілп келеді.

Қой шаруашылығын өркендетудегі кемшіліктің тағы бірі—малға құнарлы азықтың жеткіліксіз болмауы болып келеді. Мұның өзі қой шаруашылығын өркендетуге кері әсерін тигізбей қойған жоқ. Үстіміздегі жылы бұл кемшілікті болдырмау үшін мал азығын мол дайындауға көп назар аудардық. Қой фермасы қыс [illegible]

лау жөнінде кеңес беруде. Селолық Советтің тұрақты комиссиялары ауылшаруашылық дақылдары мен мал шаруашылығының өнімдерін арттыру жөнінде ішкі мүмкіншіліктерді пайдаланудың нақтылы жолдарын қарастыруда.

Дегенмен, барлық жерде іс дәл осылай ұйымдастырылуда деуге болмайды. Атап айту қажет, бірқатар ауылдық, селолық Советтер сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыру жөнінде біраз шаралар белгіледі. Бірақ, бұл жұмыста осы колхозды қамтыйтын Өрнек ауылдық Советінің ұйымдастырушылық ролі байқалмайды. Совет атқомі (председателі Әубәкіров жолдас) барлық жұмысты бұрынғыдай, кәзір де де тек қаражат жыйнау, санақ алу, түрлі анықтамалар берумен ғана тыңдырып келеді. Совет атқомі колхоз өндірісінің түбірлі мәселелерін шешіп, оны ұйымдастырудан тыс қалған. Мұндай фактілер кекен саяқ емес. Пленум қаулысын жүзеге асыру іісіне жеткіліксіз қатысып отырған ауылдық, селолық Советтер әрбір ауданнан кездеседі. Мұның өзі аудандық Совет атқомдерінің ауылдық, селолық Советтердің колхоз өндірісін ұйымдастыруда жауапкершіліктерін арттыруды талап етпеулерінен деуіміз керек.

Жергілікті Советтердің шұғыл міндеті —сентябрь Пленумының қаулысын өңбекшілер бұқарасына кеңінен түсіндіру арқылы, оларды ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету күресіне белсендіре жұмылдыру болып табылады. Бұл міндетті ойдағыдай орындау үшін жергілікті Советтер колхоздардың, МТС-тердің, совхоздардың жайын нақтылы білу арқылы шаруашылық жұмыстарға басшылықты жетілдіру жөнінде [illegible] тату маусымына ұлгілі әзірлену, жемшөптің берік базасын жасау, зябь жырту жоспарын мерзімінен бұрын орындау, колхозшылардың агро -зоотехникалық оқуын тыңғылықты ұйымдастыру міндеттерінің ойдағыдай шешілу мақсатына бағындырылуы қажет.

Ауылдық, селолық Советтердің жұмысы жоғары дәрежеде болуы, олардың колхоз, совхоз өндірісін ұйымдастырудағы ролінің күшеюі аудандық Совет атқомдерінің басшылығына тікелей байланысты екені мәлім. Алайда, бірқатар аудандық Совет атқомдері ауылдық, селолық Советтердің жұмысын жаңа талаптардың дәрежесіне сай ұйымдастыру жөнінде басшылық және бақылау жұмысын жеткіліксіз жүргізіп отыр. Совет аудандық атқару комитеті басқаны айтпағанда пленум қаулысын жүзеге асыру жөнінде ауылдық, селолық Советтерге тиісті көмек көрсеткен жоқ. Тіпті аудандық Совет атқомі өзінің бөлімдеріндегі ауылшаруашылық мамандарының бірде- бірін күні бүгінге дейін МТС-терге жұмыска жібере алмай отыр.

Аудандық Совет атқомдері ауылдық, селолық Советтердің жұмысына басшылық етудегі өздерінің жұмыс стильдерін мейлінше жақсартып, шаруашылық міндеттерді шешудегі рольдерін барынша күшейтулері керек. Басшы совет қызметкерлері колхоз өндірісінің дағдыры шешілін жатқан жерлерде жиі болып, төменгі совет қызметкерлерін шаруашылық жұмыстарды басқару шеберлігіне үнемі үйретіп отыруға міндетті.

Жергілікті Советтер өздерінің ұйымдастыру- бұқаралық жұмыстарын онан әрі жақсарту арқылы ауылшаруашылық қызметкерлерін партия қойған міндеттерді орындау күресіне белсендіре қатыстыра білулері керек.

Ауылдың мәдени тұрмысы

ЖАМБЫЛ. (ҚазТАГ). Шу ауданындағы Бірлік-Үстем ауылының жаңа клубында көркем өнерпаздардың сабантойға арналған үлкен концерті болды. Чкалов атындағы ауылшаруашылық артелінің колхозшылары әншілердің, бишілердің, домбырашылардың өнерін жылы жүзбен сүйсініп қарсы алды.

Чкалов атындағы колхоз —көп салалы, жақсы өркендеген шаруашылық. Ол жыл сайын екі миллион сомнан аса табыс алып келеді. Ауылшаруашылық артелі орналасқан Бірлік-Үстем ауылының мәдени тұрмысы күннен-күнге жақсаруда. Мұнда 250 адамға арналған клуб, екі мектеп, кітапхана, радиоторап, аурухана, балалар бақшасы, ясли, почта, үш магазин бар. Быйыл 60-тан аса колхозшы өздеріне жақсы үйлер салып алды. Барлық көшелер көгалдандырылды.

Селоның барлық дерлік тұрғын халқы оқу оқып, білім алуда. 46 жігіт пен қыз Москваның, Алматының, Ташкенттің жоғары оқу орындарында білім алуда. Бригадирлер, звено жетекшілері, қатардағы колхозшылар үшжылдық агротехникалық курстарда және кешкі мектепте оқыйды. Колхозда газет пен журнал жаздырып алмайтын бірде-бір семья жоқ. Клубтың сахнасында көркем өнерпаздар үйірмесінің коллективі ойын көрсетіп тұрады. Кинофильмдер ұдайы көрсетіледі.

Күзде ағаш отырғызу

Қазақстанда күзде ағаш отырғызу жұмысы басталды. Республиканың колхоздары мен орман шаруашылықтары күзгі уақытта мыңдаған гектар жерге ағаштар отырғызып, егін қорғайтын алқаптар, жаңа ормандар жасайды. 7 мың гектар жерде үстеме ағаштар отырғызылады. Жаңа орман питомниктерінің көлемі 440 гектар болады.

Алматы, Қызылорда, Жамбыл облыстарының орман өсірушілері ағаш отырғызудың жылдық жоспарын көктемнің өзінде орындап, олардың жақсы өсіп шығуын қамтамасыз етті. Алматы облысында көктемде отырғызылған ағаштың 90 проценті өсіп шықты.

Быйыл Қазақстанның орман шаруашылықтары мен колхоздарында ондаған мың гектар жерге ағаш отырғызылады.

(ҚазТАГ)

[illegible] тей жұмыс істейді. Бұл бригада өндірген өнімде ешбір ақау жоқ.

Соңғы уақытта заводта еңбекті көп керек ететін жұмыстарды механикаландыру жөнінде едәуір жұмыстар жүргізілді. Күрделі жұмыстың бірі тері созу жұмысы еді. Өзір бұл жұмыс механика күшімен атқарылады. Бұл сыяқты күрделі жұмыстарды механикаландыру еңбек өнімділігін арттыруға, өнімнің өзіндік құнын кемітуге қолайлы жағдай туғызуда. Мәселен, өткен айларда өнімнің өзіндік құны жоспарда көрсетілгендегіден 3,5 процент кемітілді.

Завод коллективінің қажырлы еңбектенуінің нәтижесінде үнемделген қаржы айдан- айға көбеюде. Кәзір заводта үнемделген қаржы 300 мың сомға жетті.

Октябрьдің 36 жылдық мерекесі құрметіндегі социалистік жарысты кеңінен өрістете отырып, завод коллективі табыстан-табыска жетуде.

Б. МАРЛИН.

Үнемделген материал есебінен

Петропавл паровозшыларының быйыл 1955 жылдың есебіне жұмыс істеу жөніндегі бастамасына вагон жөндеу депосының коллективі де қызу ун қосқан болатын. Сөйтіп, социалистік жарысты кеңінен өрістету арқылы айлық жоспарларды үнемі асыра орындап, вагон жөндеу депосының коллективі еңбекте таманы табыстарға жетіп келеді.

Әсресе орта жөндеу және жылдық жөндеу цехтарының коллективтері айлық жоспарды үнемі 125—130 процеттен орындайды. Гладилов және Золотилин жолдастардың басқаруындағы бригадалар шығарылатын өнімнің үздік сапалы болуына жетісті. Сол сыяқты, вагоншылар материалдарды көптеп үнемдеуде.

Соңғы айда аталған цехтардың ағаш материалдары, бояу, алиф және басқа да кептеген үнемделген материалдарының есебінен 9 вагонды жөндеуге болады.

Вагон жөндеу депосының коллективі Ұлы Октябрьдің 36 жылдық мерекесіне лайықты табыстармен келіп, бесжылдық жоспарды қысқа мерзімде орындау күресінде келешекте бұдан да жақсы нәтижелерге жетпек.

Б. МҰРАТОВ.

Тартулар әзірлеуде

«Союзсельхозавтотранстың» № 1 автомобиль ротасының коллективі Ұлы Октябрь социалистік революциясының 36 жылдығына лайықты тартулар әзірлеуде.

Кептеген шоферлер сентябрь айының жүк тасу жоспарын артығымен орындады. «ЗИС—5» автомашинасын жүргізуші Стогнеев жолдас Соколов ауданында астық тасуда жұмыс істеп, айлық тапсырмасын тонна-километр есебімен 138 процент орындап шықты.

Сол сыяқты, шоферлер Ротанов, Зенкич және басқа бірнеше шоферлер жақсы көрсеткіштерге жетуде.

Мерекеге алдындағы социалистік жарысқа қызу ұштасқан автомобиль мастерскойының жұмысшылары да өнімді еңбек етіп жүр. Мәселен, токарь Павлов, слесарь Созыкин, болат балқытушы Гуржеев, балташы Перекулимов күніне екі-екіжарым нормаға дейін орындайды.

Х. РАХМАТУДЛИН.

[illegible] ірі сыйыр мен алғаш бұзаулаған 2 кұнажатын бүлінуде. Сол сыяқты, маялардың төбелері дұрыс ұпталмауы себепті жаңбыр суы сіпіп, шөпті бұлдіріп жіберген.

Осы уақытқа дейін колхоздың мал қораларының жанына шөпті тасу жұмысы ұйымдастырылмаған. Бұл жөнінде де колхоз басшылары «бізде шабылған шөптің көпшілігі мал қораларына жақын жерлерде, сондықтан оны тасуды ұйымдастырудың керегі де жоқ», деген зыянды пікірлердің шырмауында тұр.

Колхоздың фермаларындағы мал қоралары әлі жөнделіп болмаған. Осыған қарамастан жөндеу жұмыстарының барысы өте баяу жүргізіліп келеді.

Б. НИКОЛАЕВ.

Октябрь ауданы, «Щит» колхозының саушысы.

Мал қыстатуға әзір емес

Полудень ауданындағы Чкалов атындағы колхоздың басшылары шөп шабу жұмыстарын нашар ұйымдастырды. Бұл жұмысқа қолда бар күшті толық пайдалануды қамтамасыз етпеді. Осының салдарынан егін орағы басталғанға дейін шөп шабу жоспарын небары 40 процент орындады. Ал, шөп шабу жоспарының жартылай да орындалмауына және шөбі шүйгін шабындықтардың шабылмай тұрғанына қарамастан, колхоз басшылары егін орағы басталысымен бұл жұмысты мүлдем тоқтатып қойды. Олар шөпті шабу мен жыйнаудың арасында алшақтықтың болуына жол берді. Шабылған 100 гектар жердің шөбі шөмеленбей атжалда

Агрономиялық кеңес

Тұқымның сапалы болуы—егіннен мол өнім алудың негізі

Партия мен Үкмет егіншілік мәдениетін арттыруға күнбе- күн көңіл аударып, әр қамқорлық жасап келеді. Ал, егіншілік мәдениетін арттыру міндеті шөптанапты ауыспалы егіншілік системасын меңгеру негізінде, мичуриндік агробиология ғылымының барлық табыстарына сүйсіну негізінде шешіледі. Шөптанапты ауыспалы егіншілік системасы жыл сайын табиғат жағдайларына қарамастан, егіннен бітік және тұрақты өнім алынуын қамтамасыз ететін агротехникалық шаралардың комплексін құрайды. Жоғары сапалы сортты тұқымдар шөптанапты ауыспалы егіншілік системасына қарасты агротехникалық шаралардың комплексіндегі маңызды буын болып саналады.

Сапалы тұқым — мол өнімнің негізі. Мол өнім алуда тұқымдық материалдың маңызы ерекше күшті екендігі озат егіншілердің көп жылғы іс тәжрибелерінде әлелденді. Сондықтан да сапалы сортты тұқым дайындау мәселесіне ерекше назар аударылады.

Тұқымның сапасы жөнінде сөз қозғағанда біріншіден, дәннің қоқымнан, арамшөптен және зыянды жәндіктерден тазалығына, абсолют салмағына, ылғалдығы мен өнгіштігіне назар аударылуы керек. Бұлар тұқымның егістік сапасын анықтап береді. Екіншіден, тұқымның сапасы —алынатын өнімнің мөлшеріне қарай анықталады. Өнгіштігі жақсы тұқым түрлі қоқымдардан, зыянды жәндіктерден, аурулардан таза болуы керек, абсолют салмағы жоғары болуы, ағный ірілігі бірқалыпты, өнгіштігі жақсы болуы керек. Тұқымды қызып, бүлінуден, соның салдарынан өнгіштігін жойып алудан сақтау керек. Бұл үшін тұқымның қызбауын қамтамасыз ететін ылғалдың шамасы бірқалыпты болғаны жөн.

Кебінесе, сапалы тұқымдарды еккен кезде егіс жылдам өсіп, жетіле береді, және ауа райының жағдайсыздығы оған кері әсер ете қоймайды. Ал, нашар тұқымдар егілген кезде, біртегіс қаулап шықпайды, әртүрлі нәзіктеу болып шығады, арамшөп тез қаптайды. Ауа райының жағдайсыздығына тәзімсіз болады, соның салдарынан өнімді өте аз береді, арамшөп қоспалары бар тұқымдар топырақты былғайды. Өнгіштігі төмен тұқымдардың өсуі де нашар болып, сирек шығады және өсу уақыты ұзаққа созылады. Шығымдылығы аз болғандықтан колхоздар мен совхоздар себілетін тұқымның мөлшерін көбейтеді. Мұның өзі көптеген астықтың шығын болуына әкеліп соғады. Шығымдылығы төмен тұқым дайындау колхоз, совхоздар үшін өте тиімсіз. Тәжрибе станциялары сапалы тұқым егілген егістен өнімді 20—25 процеттей артық алынатындығын дәлелдеп келеді. Шығымдылығы жоғары тұқым дайындау үшін егінді жыйын болысымен тұқымдық дәнді тазартқыш машиналармен, содан кейін тиісті кондицияға жеткізу үшін триермен тазарту қажет. Өзінің құрамы бойынша триер тұқымдық дәндерді мынадай сорттарға бөледі:

Бірінші сорт —ірі тұқым, екінші сорт —ірілігі орташа тұқым, үшінші сорт—солып қалған және шала піскен тұқым, төртінші сорт —жаншылған дәндер, өлі қыйқымдар мен арамшөп қоқымдары аралас тұқым.

Себуге бірінші және екінші сортты тұқым пайдаланылады. Бірақ, кептеген колхоздар мен совхоздар бұл екеуін қосып жіберіп сеуіп жүр. Бұл дұрыс емес. Оларды міндетті түрде бөлек -бөлек сепкен жөн. Тұқымдық участоктегі егістер үшін текқана триерден алынған бірінші сортты ірі тұқымды пайдалану қажет.

Алдыңғы қатарлы колхоздар тұқымды триермен тазалағаннан кейін сорттау үшін триумф —2, немесе, қолдан жасалған фухтельден тағы да өткізеді. Бұл жеңіл дәндерді әлі де болса жеке айырады және тұқымның егістік сапасын едәуір жақсартады.

Кәзіргі кезде МТС-терде тұқымды қоспалардан, арамшөп қоқымдарынан жақсы тазартатын, сонымен қатар дәнді салмағын ірілігіне қарай айыратын ВИМ—2, ВИМ—СМ—1, СО—1 астық тазартқыштары бар. Әрбір колхоз тұқымның егістік сапасын тексеру үшін тұқымдық дәнді осы машиналарда тазарту керек.

Тұқым сақтаудың міндетті шарты — тұқым қуйылмастан 2—3 апта бұрын қоймаларды дезинфекциялау болып саналады. Дұрыс жүргізілген дезинфекция астық қоймасын зыянды жәндіктерден тазартады. Қоймаға қуйылатын тұқымдық дәннің ылғалдығы бірқалыпты болса, қалыңдығы 2 метрден, ылғалдығы 14—17 процеттен жоғары болса, қалыңдығы 1—1,5 метрден аспау керек. Ылғалды тұқымдық дән өзінен- өзі қызып кетпеуі үшін оны мезгіл -мезгіл күрекпен аударыстырып отырған жөн. Мұнымен бірге ылғалдығы 17 градустан асқан тұқымдарды астық кептіргішке салып дереу кептіру керек.

Ауылшаруашылық дақылдарын бүлінуден сақтау үшін тұқымдық дәнді дәріленуді ұйымдастыру қажет. Тұқымдық дәнді себуге әзірлеу ісінің бірі — тұқымды яровизациялау болып саналады. Яровизациялау әдісі дәннің тез өнуіне, жылдам жетіліп шығуына әсерін тигізеді және егіннен алынатын өнімді едәуір артырады. Академик Т. Д. Лысенко ұсынған басты шаралардың бірі —тұқымды күн сәулесімен жылытып, жетілдіру. Тұқымдық дәнді күн сәулесімен жылыту ендалымен, ылғалдығы басым, өнгіштігі төмен немесе өсіп жетісу қуаты нашар тұқымдарға қолданылады.

Біз егіске сапалы тұқым сеуіп, тиісті агротехникалық шараларды мұқыят қолданған жағдайда ғана егіннен мол өнім алуды қамтамасыз етеміз.

Мичуриндік агробиология ғылымының табыстарына негізделген советтік тұқым өсіру шаруашылығы ауыл шаруашылығы дақылдарынан мол және тұрақты өнім алуға бағытталған шаралардың ең маңызды буыны болып саналады. Сондықтан облыс колхоздары мен совхоздарында өнгіштігі мол сапалы тұқымды әзірлеу ісін ұлгілі ұйымдастыру керек.

Агроном Т. АЯҒАНОВ.

[illegible] ойынға қажетті жемшөппен жеткілікті мөлшерде қамтамасыз етілді.

Фермада жыл бойы қажырлы еңбек етіп, қой өсіруде айтарлықтай табыстарға ие болған шопандар аз емес. Мәселен, Б. Шергізбиев және К. Шраинер жолдастар қойларды жазғы жайылымдарда бағуда, қысты күні қораларда күтуде қажырлы еңбек етіп жүр. Қой өсірушілердің жақсы жұмыс істеуіне керекті жағдайдың барлығы жасалды.

Ферма коллективі келесі жылы әрбір 100 саулыктан 120 қозы өсіруге, әрбір қойдан 4—4,5 килограмнан жүн алуға, қой фермасының ақшадай табысын 120 мың сомға жеткізуге міндеттеніп отыр.

Ф. КРЕЦ.

Ксиюхов ауданы, Ленин атындағы колхоздың қой фермасының меңгерушісі.

Еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің үшінші сессиясы

14 октябрьде еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің үшінші сессиясы болды.

Сессия облыстың 1953 жылға арналған жергілікті бюджеті және 1952 жылғы бюджеттің орындалуы туралы облыстық финанс бөлімінің меңгерушісі **Петров** жолдастың баяндамасын және еңбекшілер депутаттары облыстық Советінің бюджет комиссиясының председателі **Мусин** жолдастың қосымша баяндамасын тыңдап, талқылады.

Еліміздің Мемлекеттік бюджетінің бір бөлегі болып табылатын біздің облысымыздың 1952 жылғы бюджеті, —деді баяндамашы, —кіріс жағынан 128 миллион 759 мың сом немесе 102,5 процент болып және шығыс жағынан—119 миллион 885 мың сом немесе 95,7 процент болып орындалды. 1951 жылға қарағанда жергілікті бюджеттің кірісіне 5 миллион 238 мың сом артық түсті.

Баяндамашы кейбір мекемелердің, әсересе, автотрансты, кәсіпшілік және тұтынушылар кооперациялары орындарының және кейбір кәсіпорындары базалары жұмыстарының қанағаттанғысыз болуы салдарынан жергілікті бюджеттің кірісіне бірқатар қаражаттардың түспегенін атап көрсетті.

Жобасы еңбекшілер депутаттары облыстық Советі аткомінің осы сессияның бекітуіне ұсынылып отырған облысымыздың 1953 жылға арналған жергілікті бюджеті кірістері және шығыстары бойынша 126 миллион 599 мың сом.

Бюджеттің кіріс бөлігі туралы айта келіп, баяндамашы, оның өткен жылтымен салыстырғанда белгілі өзгешеліктері бар екенін атап көрсетті.

1953 жылға арналған бюджеттің шығыстарының жалпы сомасының 114 миллион 550 мың сомы немесе 90,4 проценті халық шаруашылығын және әлеуметтік мәдени шараларды қаржыландыруға жұмсалады. Бұл қаржы облыстың өнеркәсіої мен ауыл шаруашылығын онан әрі өркендетуді, еңбекшілердің тұрмыстық әрежесін арттыруды, олардың мәдени және тұрмыстық қажетін анағұрлым толық қанағаттандыруды қамтамасыз етеді. Мұның үстіне ауыл шаруашылығы, халық ағарту, денсаулық сақтау және әлеуметтік шараларды бірқатар салалары республикалық және одақтық бюджет арқылы қаржыландырылды. Мәселен, облыстың МТС-терін қаржыландыру үшін одақтық бюджеттен 60 миллион сом босатылып отыр. 1950 жылдың алғашқы жартысында көп балалы және жеке басты аналар үшін Мемлекеттік бюджеттен 7 миллион сомнан аса көмек көрсетілді.

Бюджетте халық-ағарту ісіне 70 миллион 829 мың сом немесе бюджеттің шығыстарының 56 процентін, денсаулық сақтау ісіне 29 миллион 700 мың сом жұмсау көзделіп отыр.

Әлеуметтік -мәдени мекемелерді ұстауға жұмсалып отырған көп қаржы партия мен үкметіміздің совет адамдарының материалдық ал -ауқатын және мәдени деңгейін өсіруге бағытталған.

Мусин жолдас өзінің сөзінің бірқатарын жергілікті және кооперативтік өнеркәсіп мекемелерінің жұмысына талдау жасауға арнады. Жергілікті бюджеттің кіріс бөлігінің кезінде орындалуы сол мекемелердің мемлекеттік жоспарды орындауына көп байланысты.

—Облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесінің (бастығы Соколов жолдас) аудандық өндіріс комбинаттары, —деді ол, —үстіміздегі жылдың он айында товарлы өнім шығару жөніндегі жоспарды 101,6 процент етіп орындағанмен өнімнің түр- түрін шығару жөніндегі тапсырманы орындай алмады. Октябрь, Булаев өндіріс комбинаттары және Петропавлдың мебель және жегу әбзелдерін жасайтын комбинат өндірістік программаларды небары 83—89 процент ғана орындады.

Осының салдарынан облыстық жергілікті және отын өнеркәсіп мекемесі мынандай қажетті товарларды: 2 миллион 232 мың күйдірілмеген кірпішті, 5 мыңнан астам күйдірілген кірпішті, 128 арбаны, 144 мың дана черепицаны, 2 мың пардан астам нималарды және баскаларды бере алмады.

Өткен жылы құрылысына 244 мың сом жұмсалған Ленин өнеркәсіп комбинатының черепица заводы 9 айда небары 7187 сомның ғана черепицасын шығарды. Соның өзінде бұл өнімнің жартысынан астамында ақау жіберілді. Әрине, мұндай өнім тұтынушылардың тілегін қанағаттандырмайды. Облыстық жергілікті өнеркәсіп мекемесінің басшылары Соколов және Пронин жолдастар өндіріс комбинатына черепицалардың сапасын жақсарту жөнінде қажетті көмек көрсетпей келеді. Ал, черепицаны біздің колхоздарымыздың өте қажет ететіні мәлім.

Мусин жолдас облыстық кәсіпшілік Советін және оның председателі Трушкин жолдасты өз мекемелеріне қанағаттанғысыз басшылық жасайтыны үшін сынады.

Тұтынушылар кооперациясы мен қалалық сауда мекемесі товар айналымының жоспарын үнемі орындай алмай келеді. Бұл ұйымдардың басшылары Писеуков және Щеголев жолдастар белшек сауда товар айналымы жоспарының орындалық органдарының таранынан колхоздарға, МТС-терге және совхоздарға басшылықтың қанағаттанғысыз болуынан деуіміз керек. Бұл, әсресе, колхоздардың басшы кадрларын іріктеп алу және орналастыру ісінде айқын көрінін отыр. Ауданда соңғы бес жылда колхоз председательдерінің 80 проценті ауыстырылды. Бұлардың көпшілігі олардың іскерлік және саяси сапасы, колхозшылардың пікірлері есепке алынбай жоғарылатылды. Мұның өзі колхоздарға үлкен зиян келтірді.

Қизатов жолдас кадрларды іріктеп алу және орналастыру ісіне облыстық Совет аткомінің және облыстық ауыл шаруашылығы және дайындау басқармасының басшылары «араласпау» позициясын ұстап келгенін айтты.

Ол жемшөп базасын нығайту үшін 1954 жылы біржылдық және көпжылдық шөптердің егісін кеңейтумен бірге, көкөніс сулы егу қажет деп есептеді.

Ауыл шаруашылығын онан әрі өркендету дүрыс, оперативті басшылықты талап етеді, деді Қизатов жолдас, алайда, мұндай басшылық жасаудың орнына, облыстық атқару комитеті және оның бөлімдері жаңды ұйымдастыру жұмысының орнына көбінесе, кеңестер мен мәжілістер өткізумен, көптеген директивалар жіберумен уақыт өткізіп келеді. 1953 жылдың басынан бері біз 145 нұсқау, 50 директива және 83 телеграмма алдық. Күн сайын белгілі бір уақытта «ананы-мынаны орында» деген кеміде 2-3 директивалар келеді. Бұл директивалардың кейбірінің жұмысты орында деген мерзімнен анағұрлым кейін келетін жағдайлары да бар.

Мұнан әрі ол облыстық Совет аткомінің басшылары мен оның бөлім меңгерушілерінің аудандарда сирек болатынын айтты. Олар бұқарамен жаңды байланыс жасап, жергілікті жерде аудандық және селолық Советтердің қызметкерлерінің жұмысын жақсарту жөнінде практикалық көмек көрсетіп отыруға міндетті.

Облыстық оқу бөлімінің меңгерушісі **Щербаков** жолдас өзінің сөзін жалпыға бірдей оқу заңын ойдағыдай орындау міндеттеріне арнады. Ол оқу орындары мен жергілікті Советтер мектеп жасындағы балалар мен жас өспірімдерді жетіжылдық оқумен толық қамтый алмай отырғанын айтты. 1953 жылдың 1 октябріндегі мәліметтерге қарағанда, 513 бала мектептерде оқымайды. Петропавл қаласында, Конюхов және Мамлют аудандарында жалпыға бірдей оқу заңы бұрынғыдай әлі де болса қанағаттанғысыз жүзеге асырылуда.

Щербаков жолдас селолық бюджеттегі бастауыш және жетіжылдық мектептер жеткілікті қаржыландырылып отырмағандығына тоқталды Мәселен, Конюхов ауданында шаруашылық және оқу шығындарына, мектептердің мүлкін жөндеу мақсатына босатылған қаржының 9,28 процеттейі ғана жұмсалып отыр. Приешім және басқа аудандарда да жағдай осындай. Мұның өзі оқу-тәрбие жұмысының жайына кері сінше әсер етіп, политехникалық оқуға көшу үшін қажетті мүліктер мен құралдар елімізде өнеркәсіптің, ауыл шаруашылығының үздіксіз өсіп отырғандығын бейнелейді. Жуырда залда үлкен стенд орнатылады. Мұнда ССРО-ны өркендетудің бесжылдық жоспары үлкен суреттермен көрсетіледі.

Кәзір кітапхана коллективі активпен бірлесе отырып, К. Симоновтың «Қарулас достар» деген кітабы бойынша кітап оқушылар конференциясын өткізуге әзірленуде. Активтердің күшімен 7 ноябрьде концерт беру үшін дайындық жүргізілуде.

А. РАМАЗАНОВ.

ИГІЛІКТІ ІС

Мемлекеттік мекемелердің облыстық кәсіподағы кітапханасының советі мен активі үлкен және пайдалы жұмыстар жүргізуде. Олар кітапханаға кітап оқушылар тартумен бірге, әртүрлі жаңа тақырыптарға көркем стендтер жабдықтауда. Кітап оқушылар конференцияларын өткізуде, көркемөнершілердің күшімен ойын-сауық көрсетуді ұйымдастыруда.

Кітапхана қызметкерлері мен активтер стендтер мен көрмелерді көркем дайындауға зор көңіл бөліп отыр.

Залға кіре берісте үлкен стенд тұр. Ол «Совет Одағының коммунизмге жету жолындағы күресте қол жеткен ұлы табыстары» деген тақырыппен ұйымдастырылған. Кітапханадағы диаграммалар, фотосуреттер

СУРЕТТЕ: мемлекеттік мекемелер кәсіподағы облыстық комитетінің кітапхана залына орнатылған стендтің көрінісі.
Суретті түсірген **А. Розенштейн.**

Үлгілі кітапханашы

Сергеенко жолдас 1951 жылы Преснов ауданындағы Благовещенка селолық кітапханасының меңгерушісі болып тағайындалған кезде кітапхананың небары 70 кітап оқушысы болатын, ал, актив мүлде жоқ еді. Селодағы үгіт-бұқаралық, мәдени- ағарту жұмыстарына кітапхана қатыспайтын. Кітапхананың қандай үйде жұмыс істейтіндігіне село еңбекшілерінің көпшілігі хабарсыз болатын.

Сергеенко жолдас қызметке кіріскеннен кейін ең алдымен 9 адамнан кітапхана Советі сайланды. Совет мәжілісінде кітапхананы қалпына келтіру, оның жұмыс жоспарын бекіту туралы мәселелер қаралып, қарар қабылданды. Селодағы мәдени- бұқаралық жұмыстарға кітапхананың қатысуы жөнінде нақтылы шаралар белгіленді. Советтің әрбір мүшесі жұмыстың арнаулы бір участогіне бекітілді. Содан бері кітапхана Советі жұмысты жақсартудың нақтылы шараданға жетті. Кітапхана 400-ден астам кітап оқушыларын қамтыйды.

Үстіміздегі жылы кітапханада 6 рет әдебиет кеші өткізілді. Жазғы дала жұмыстары кезінде кітапхана өзінің жұмысын тікелей егіс және трактор бригадаларында жүргізді. Жылжымалы 5 кітапхана ұйымдастырылып, бригадаларда лекциялар, дауыстап газеттер оқу жұмысын жандандырды.

Благовещенка селолық кітапханасы партия ұйымының шын мәніндегі көмекшісі болып отыр. Ол партия мен ұкметтің қаулы- қарарларын колхозшылар бұқарасына түсіндіруде партия ұйымына нақтылы көмектесіп отырады.

Кітапхана жанынан лекторий ұйымдастырылған, оның жұмысына колхоз партия ұйымының секретары басшылық етеді. Лекторлар саяси және шаруашылық тақырыптарға колхозшылар арасында лекциялар оқыйды. Үстіміздегі

„Исландия—ССРО“ қоғамының конгресі

КОПЕНГАГЕН, 15 октябрь. (СОТА). Исландияның астанасы Рейкьявикте 13 октябрьде «Исландия — ССРО» мәдениет байланыстары қоғамының үшінші конгресі ашылды.

«Исландия —ССРО» мәдениет байланысы Қоғамының бас секретары жазушы Кристин Андрсон конгресті ашарда сөз сөйлеп, Совет Одағы соғысты болдыртпауға және бүкіл дүние жүзінде бейбітшілікті сақтауға бағытталған бейбітшілік саясатын дәйекті түрде жүргізіп келеді деп мәлімдеп, исланд және совет халықтарының арасында бейбітшілік ісінің пайдасына достық және мәдениет байланыстарын нығайта беруге шақырды.

Совет мәдениеті мен искусство қайраткерлерінің Исландияға келген делегациясының басшысы, құтқұтау сөз сөйлеген профессор Мясниковты қатнасушылар жылы жүзбен қарсы алды.

Совет кемелерінің Польшаға келуі

ГДЫНЯ, 15 октябрь. (СОТА). Польша үкметінің шақыруы бойынша құрамында крейсер -флагман және 4 эсминеці бар совет соғыс кемелерінің отряды бүгін Польшаның Гдыня портына арнаулы достық сапармен келді. Польша Халық Республикасына достық сапар поляк- совет достығын нығайтудың айлығымен және Польша Халық армиясының 10 жылдығымен байланысты болып отыр.

Теңізде совет соғыс кемелерін Польшаның «Блискавица» эсминеці қарсы алды. Гдыня портына кірерде советтік флагман кемесі ұлттар салютін берді. Оған жағалаудағы поляк артиллериясы жауап қайтарды. Флагман кемесінің оркестрі Польша Халық Республикасы мен Совет Одағының гимндерін орындады.

Сонан кейін совет кемелері портқа кіріп, пирсқа тоқтады. Тағайындалған уақыттан бір минут кешіктестен бүкіл отряд орындарына тұра қалысты. Кемелерді жағаға тоқтату аз-ақ уақыт алды.

Гдыня портына келген совет кемелері отрядын поляк теңізшілері салтанатты түрде қарсы алды. Порттың үстін алып, кеңінен жайылған матаға «Қош келдіңіздер!» деген сөз орыс тілінде жазылған. Поляк кемелеріндегі және пирстегі Польша соғыс-теңіз флотының офицерлері мен матростары қатарға тұрғызылды.

Портқа келісімен совет кемелері отрядының қолбасшысы контр- адмирал Г. С. Абашвили совет офицерлерімен бірге Польшаның ұлттық қорғаныс министрінің орынбасары генерал- полковник С. Поплавскийге және Польша соғыс- теңіз флотының командованиесіне барды.

Мұнан кейін контр- адмирал Абашвили халық Радасының Гдыня воеводствосының председателіне барып қайтты.

Бүгін совет теңізшілерінің делегациясы Польшаны азат ету күресінде Гдыня

режесін үнемі арттыру жөніндегі қамқорлығының айқын сыпаттамасы болып табылады.

1953 жылы халық ағарту және денсаулық сақтау мекемелерінің жүйесін онан әрі көбейтіп, кеңейту көзделеді.

1953 — 1954 жылдары жалпы білім беретін мектептерде оқыйтын оқушылардың саны 69180 мың адам болып, соның ішінде 1952 жылға қарағанда V-X кластарда 5247 адам артық болмақ. Орта білім алу үшін қажетті жағдайларды жасау мақсатымен ауылдар мен селоларда интернаттар ұстау үшін көп қаржы бөсатылып отыр. Мектептердің күрделі құрылысына 500 мың сомнан астам қаржы, соның ішінде Мамлют ауданында орта мектеп құрылысын салу үшін 188 мың сом, мектептерді жөндеуге 1 миллион 788 мың сом, интернаттар мен балалар үйлерін күрделі жөндеуге 482 мың сом жұмсау қарастырылып отыр.

Біздің облысымызда мәдени-ағарту мекемелерінің кең жүйесі бар: 80 кітапхана, 155 оқу үйі және селолық клубтар, облыстық екі газет және 11 аудандық газеттер шығады.

Денсаулық сақтау ісіне жұмсалып отырған қаржылар негізінен ауруханаларға төсек-орын алу, олардың үйлерін жөндеу, ауруханалардағы қойылар мен медициналық қызметкерлерді көбейту. Конюхов ауданында жаңадан ашылатын аурухананың үйі құрылысын толық аяқтау мақсаттарына жұмсалады.

—Партияның XIX съезінің тарихи қарарларын және СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысын жүзеге асыра отырып, —деді бюджет комиссиясының председателі Мусин жолдас, —біздің облысымыздың еңбекшілері шаруашылық және мәдениет құрылыста біраз табыстарға жетті. Мұны 1952 жылғы бюджеттің орындалу қорытындыларынан және 1953 жылға арналған бюджет жобасынан айқын көруге болады.

Бюджет комиссиясы 1952 жылғы бюджеттің орындалуы жөніндегі есепті қарап, оны кірісі бойынша 128.759 мың сом және шығысы бойынша 109.885 мың сом етіп бекітуді ұсынады.

Бюджет комиссиясы 1953 жылға арналған бюджеттің жобасын қарап, ол халық шаруашылығының жоспарына сәйкес жасалған және біздің облысымыздың еңбекшілерінің әл-ауқатын, мәдениет дәрежесін онан әрі арттыру жөніндегі міндеттерге сай келеді деп тапты. Сондықтан бюджет комиссиясы 1953 жылға арналған облыстың бюджетін кірісі бойынша 126 миллион 599 мың сом және шығысы бойынша 126 миллион 599 мың сом етіп бекітуді ұсынады.

Біздің бюджетіміз облыс еңбекшілерінің мақсатына жауап беретінін мынадан көруге болады: әлеуметтік-мәдени шараларға 103 миллион 148 мың немесе бюджеттің жалпы сомасының 81,4 процентін, немесе 1952 жылға қарағанда 1 миллион 512 мың сом артық жұмсалу көзделіп отыр. Тек қана денсаулық сақтау ісіне жұмсалатын қаржы 2 миллион 905 мың сом көбейіп отыр.

Мұнан әрі Мусин жолдас бюджеттің орындалуына талдау жасай келіп, облысмауын жүн маталар, пималар, мотоциклдер жөніндегі қордың жеткіліксіз болуынан деп түсіндіргісі келеді.

Мусин жолдас облыстық сауда мекемесінің меңгерушісі Сербулов жолдасты сынады. Сербулов сауда ұйымдарының жұмысына нақтылы басшылық жасаудың орнына Писсуковпен үнемі дауласумен уақытын өткізіп келеді. Қалада және селода сауда жұмысы бұрынғыдай әлі де қанағаттанғысыз болып отыр.

Шешен бюджетті орындау жөнінде жұмысты нашар жүргізіп отырған финансе органдары мен жергілікті Советтердің жұмысындағы кемшіліктерді атап көрсетті. Ол бұл кемшіліктерді дереу жоюдың сәйтіп, жыл аяғына дейін қалған уақыттың ішінде бюджеттің кірісі бойынша, сондай-ақ шығысы бойынша орындалуын қамтамасыз етудің қажеттігін айтты.

Баяндама және қосымша баяндама бойынша жарыссезде 12 адам сөз сөйледі.

—Партия мен үкімет еліміздің тұрмыстық дәрежесін арттыра беру жөнінде үнемі қамқорлық жасап келеді, —деді депутат **Қизатов** (Бұлаев ауданы). —ССРО Жоғарғы Советі V сессиясының қарарлары және СОКП Орталық Комитетінің сентябрь Пленумының қаулысы бұл қамқорлықтың жаңа сипаттамасы болып табылады. Қизатов жолдас өз ауданының өмірінен мысалдар келтіру арқылы партия мен үкіметтің қарарлары колхоз деревнясы еңбекшілерінің тұрмыстық жағдайын арттыруға әсер еткенін атап өтті. Мәселен, жаңа Заң бойынша ауылшаруашылық салығы өткен жылға қарағанда 975 мың сом кемітіліп отыр. Ал, кіріс салығының сомасы 145 мың сом азайды.

—Мал шаруашылығы мен овощь шаруашылығын онан әрі өркендету үшін, —деді ол, — ауылшаруашылық өнімдерін дайындау және сатып алу бағасының артуының зор маңызы бар. Қазір біздің ауданымыздың колхоздары мен колхозшылары тапсырған мал шаруашылығының, овощь шаруашылығының өнімдері үшін дайындау және сатып алудың жаңа бағалары бойынша 1 миллион 108 мың сом қосымша кіріс алғалы отыр.

Егіншілік пен мал шаруашылығы озаттарының табыстарын көрсете келіп, Қизатов жолдас СОКП Орталық Комитеті Пленумының қарарларында айтылғандай, ауданның көптеген колхоздары артта қалып отырғанына тоқталды. 1951 жылдан бастап ауданның колхозлары мен совхоздары ауылшаруашылық дақылдарынан жоспарлы өнім ала алмай келеді. Ауданда шөп танапты егісті игеру ісі өте баяу жүзеге асырылуда, екпе шөп егу және мал шаруашылығын өркендету ісінің жайы нашар, ал, оның өнімділігі төмен: бізде 100 гектар егістік және шабындық жерге небары 5 бас сиыр мәлы (соның ішінде сауын сиыр, 1,3 бас), 13 қой ғана есептеледі. 1953 жылда мал шаруашылығын өркендетудің қанағаттанғысыз жайына талдау жасай келіп, Қизатов жолдас өткен 9 айда әрбір сауын сиырдан небары 960 литр сүт сауылғанын, бір қойдан небары 2,6 килограмм жүн қырқылғанын айтты.

Ауыл шаруашылығының артта қалуының негізгі себебі совет және шаруашылар өзінің мүшелеріне тиісті тапсырмалар беретін болды.

Совет кітапхананың жұмысына нақтылы басшылық етіп, оның меңгерушісі Сергеенко жолдасқа іс жүзінде көмектесіп отырады. Аз уақыт ішінде кітапхананың жұмысында елеулі өзгерістер болды. Кітапхананың кітап қоры молайды, саяси-бұқаралық, мәдени-ағарту жұмыстарына кітапхана белсене қатысып отыратын дәрежеге жетті. Кітапхана үйінің іші жарық, жылы, жыйнақ және таза. Кітапхана орталық, республикалық, облыстық және аудандық газеттер мен көптеген журналдар алдырады.

Кітапхана үйі жазушылардың кітап туралы айтқан сөздерімен, ұрандарымен, суреттермен, партияның XIX съезінің материалдарын насихаттайтын плакаттармен безендірілген, сурет көрмелері ұйымдастырылған. Соңғы біржарым жыл ішінде мұндағы кітап саны 1124 тиясының 50 жылдығы», «Мичуриндік ілімнің ауыл шаруашылығын өркендету үшін маңызы» деген тақырыптарда лекциялар оқылды.

Село еңбекшілері кітапханаға кітап ауыстырып алу үшін ғана емес, түрлі сұрақтарға жауаптар алу, мәдениетті тынығу үшін келеді. Быйыл колхозшылар мал азығындық судан шөбін егу, сыйырды электр аппаратымен сауу мәселелері жөнінде көптеген сұрақтар қойып, тиісті түсінік алды. Сергеенко жолдас еңбекшілердің сұрақтарына жауап беру ісіне мамандарды да шақырады, сәйтіп, колхозшылардың жан-жақты, түсінікті жауап алуын қамтамасыз етеді.

Благовещенка селолық кітапханасы кәзір колхозшылардың ең сүйікті орнына, ал, оның меңгерушісі Сергеенко жолдас зор құрметке ие болып отыр.

А. ЛУЧНИКОВА.

Қыздар арасындағы тәлім-тәрбие жұмысы жақсаруда

Октябрь ауданындағы Ленин орта мектебінде оқушы қыздар арасындағы тәлім-тәрбие жұмыстары жылдан-жылға жақсара түсуде. Мектептің партия, комсомол ұйымдары мен мұғалімдер коллективі бұл мәселеге зор көңіл бөліп, қыздар арасындағы тәлім-тәрбие жұмыстарын жүргізу үшін мұғалима Қожиева жолдасты тағайындады. Қожиева жолдас өзіне жүктелген міндетті аброймен орындап жүр. Ол 4 адамнан қыздар комитетін құрды, сәйтіп, қыздар арасындағы барлық саяси және тәрбие жұмыстарын комитет мүшелерімен бірлесіп, жасалған жоспар бойынша жүргізіп отыратын болды.

Кәзір мектепте 154 қыз оқыйды. Олардың көпшілігі интернатта тәрбиеленуде. Оқушы қыздар қоғам ұйымдарының жұмысына белсене қатысады. 4 қыз мектеп комсомол комитетінің мүшесі болып істейді.

Е. ӘБІЛМӘЖІНОВ.

Агро-зоотехникалық курс мұғалімдерінің семинары

Жуырда Совет ауданының орталығында ауыл шаруашылығының мамандары —колхоздардағы үшжылдық агро-зоотехникалық курс мұғалімдерінің екі күндік семинары өткізілді.

Семинарда СОКП Орталық Комитеті Пленумының қаулысы, «Жер шаруашылығында шөп танапты егіс жүйесінің негізін салушы —Василий Робертович Вильямс», «Колхозшыларды үшжылдық агро-зоотехникалық курстарда даярлау», «Үшжылдық агро-зоотехникалық курстарда сабақ берудің әдісі» деген және басқа да тақырыптарда лекциялар оқылды.

Лекциялардан кейін Каганович атындағы колхозда агро-зоотехникалық курста сабақ беретін мұғалім Беззубов жолдас сөз сөйлеп, өзінің жұмыс тәжрибесін ортаға салды.

Семинарға қатысушы басқа жолдастар да сөз сөйлеп, пікір алысты.

және Гдыняскіде қаза тапқан совет жауынгерлерінің моласына, сол сыяқты, өз отанын азат ету күресінде қаза тапқан поляк жауынгерлерінің моласына гүлдер қойды. Совет теңізшілері Польша Халық Республикасында бірнеше күн болады.

КАНАДАДАҒЫ ЕРЕУІЛ ҚОЗҒАЛЫСЫНЫҢ ӨСУІ

ОТТАВА, 15 октябрь. (СОТА). «Канадиен трибюн» газеті соңғы жеті жылдың ішінде Канададағы ереуіл қозғалысы кеңінен өріс алып отыр деп атап көрсетеді. Өткен аптада 20 мың жұмысшы жалақыны арттыруды және еңбек жағдайларын жақсартуды талап етіп, бірден ереуіл жариялаған немесе ереуіл жариялауды қостаған. Онтарио және Квебек провинцияларындағы 6 мың кеншілердің ереуілі әлі болып жатыр. Ньюфаундленд провинциясының 5 мың балықшылары 28 сентябрьден бері балық аулауды тоқтатты. Британ Колумбиясы провинциясының солтүстік бөлігіндегі ағаш кесуші 30 заводтың 5 мың жұмысшысы жұмысты мүлдем тоқтатқан. Ағаш өңдеу өнеркәсібі жұмысшыларының кәсіподағы осы провинцияның шығыс бөлегіндегі 4,5 мың жұмысшыларды ереуілге шақырған. Батыс жағалаудағы мыңдаған электршілер, целлюлоз-қағаз кәсіпорындарының 4 мың жұмысшысы ереуілдер бастауға дайындалуда.

КОРЕЯДА СОҒЫС ТҰТҚЫНДАРЫН ЕЛДЕРІНЕ ҚАЙТАРУ

ПЕКИН, 15 октябрь. (СОТА). Синьхуа агенттігінің тілшісі Кәсоннан 14 октябрьде мынаны хабарлады:

Бүгін бір қытай және 3 корей соғыс тұтқындары елдеріне қайтарылды. Сонымен барлығы түсінік жұмысы басталғанға дейін біздің жағымыздың 127 қолға түскен соғыс қызметкерлерінің бостандыққа қолы жетті.

Редактор Ғ. МҰХАМЕДЖАНОВ.

Петропавл станциясы стрелочниктер және стрелка тазалаушылар даярлайтын курстарға оқушылар қабылдайды.

Оқуға қабылданғандар стипендиямен, арнаулы киіммен, отынмен, темір жолмен жүру үшін тегін билетпен қамтамасыз етіледі.

Оқуға қабылдау тәртібі жөнінде станцияның кадр бөліміне немесе станция бастығына келіп түсінік алуға болады.

«Главмуканың» завод басқармасы барлық ұйымдар мен азаматтарға әк сатады.

Адрес: Петропавл қаласы, Ерназаров көшесі, 80-үй.

Кинолардағы

«УДАРНИК» КИНОТЕАТРЫНДА

«ҚАРА ЛЕГИОН»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

«ОКТЯБРЬ» КИНОТЕАТРЫНДА

«КАРДИНАЛ РИШЕЛЬЕ»

Сеанстар сағат 6-8-10-да басталады.

Солтүстік Қазақстан облыстық «Сельхозснаб» мекемесінің төрт бұрышты штампы жоғалды. Бұдан былай бұл штампшен расталған документтер анық деп есептелмесін.

Облыстық «Сельхозснаб».

Петропавлдың мұғалімдер институтына түпкілікті жұмысқа жұмысшы және ат күтуші, бумен жылыту пешінің кочегарлары КЕРЕК.

Еңбекақы смета бойынша төленеді.

Адрес: Киров көшесі, 37-үй.

РЕДАКЦИЯНЫҢ АДРЕСІ: Қазақ ССР, Петропавл қаласы, Петренев көшесі, 92-үй. ТЕЛЕФОНДАР: редактор — 1-86, редактордың орынбасары —1-59, секретариат—1-33, партия бөлімі —0-22, ауылшаруашылық және өнеркәсіп-транспорт бөлімдері —2-36, тілшілер бөлімі—3-39, корректорлар бюросы —4-39, Газет баспасы —5-53, газет табыс етілмесе— 1-19 телефон арқылы сөйлесуге болады.

УШ 02031.

Қазақ ССР, Мәдениет министрлігінің Жоғарғы баспасының № 18 баспаханасы, Петропавл қаласы, Ленин көшесі, 21-үй.